

Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 300 шешімі . Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қазанда № 5192 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 қазандағы № 359 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 16.10.2019 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Су кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі кодексіне, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1 Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері белгіленсін.

2 Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3 Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық
мәслихатының
39-сессиясының төрағасы
Р. Байназарова

Қызылорда облыстық
мәслихатының
хатшысы
А. Әлназарова

Қызылорда облыстық мәслихатының
2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 300 шешіміне 1-қосымша

Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Сырдария өзені және Арал теңізі бассейнінде арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері

1	Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	38,8
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қосқанда	теңге/1000 текше метр	109,3
3	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	1,0
4	Су көздерінен су алатын тоғандық шаруашылықтар	теңге/1000 текше метр	30,2
5	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
6	Су көлігі	теңге/тонна шақырым	4,3

Қызылорда облыстық мәслихатының
2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 300 шешіміне 2-қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі

1. "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2006 жылғы 30 маусымдағы № 299 шешімі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4158 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінде 2006 жылғы 21 шілдеде жарияланған.);

2. "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2006 жылғы 30 маусымдағы № 299 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 325 шешімі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4170 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінде 2007 жылғы 20 қаңтарда жарияланған.);

3. "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2006 жылғы 30 маусымдағы № 299 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2007 жылғы 23 сәуірдегі № 374 шешімі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4188 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінде 2007 жылғы 15 мамырда жарияланған.).